

**"Қарағанды облысының экономика және қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2014 жылға арналған "Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету және оған сараптама жүргізу, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу" 064 бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру, бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 14/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 сәуірде № 2577 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 59/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 04.11.2014 № 59/01 қаулысымен (жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 " Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Қарағанды облысының экономика және қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2014 жылға арналған "Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету және оған сараптама жүргізу, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу" 064 бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру, бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысының әкімі*

*Б. Әбдішев*

Қарағанды

облысы

әкімдігінің

2014

жылғы

26

наурыздағы

№

14 / 02

қаулысына

қосымша

**"Қарағанды облысының экономика және қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2014 жылға арналған "Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету және оған сараптама жүргізу, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу" 064 бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру, бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың тізбесі**

№ р /с	Жобаның атауы	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыру көлемі (мың теңге)
<b>"Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі</b>				
1	"Қарағанды қаласында (Оңтүстік шығыс) ауысымына 500 адам қабылдайтын емхана салу және пайдалану" жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі	0	20 174	0
	"Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бойынша БАРЛЫҒЫ	0	20 174	0
	<b>ЖИЫНЫ</b>	0	20 174	0